

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
V том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,
өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және*

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)

*Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ө. Тарақ,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Өзімбаева (жауапты хатшы), Ө. Жапарова (хатшы)

Шікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ. Мәдібаева**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Молдабеков**

А 13 Абайтану. Тандамалы еңбектер. V том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүр-
әділ; жауапты ред. Ө. Тарақ; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-
маты: Қазақ университеті, 2015. – 283 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1286-6 (V том)

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған тандамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Бесінші томға Абайдың шығармашылығы туралы қоғамдық және гуманитарлық ғылым салаларында жарық көрген, уақыт сынынан өткен, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен мақалалардың тандамалылары енген.

Кітап орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

V томға енген тандамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық өлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына ықпал етеді.

Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1286-6 (V том)

© Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

АБАЙДЫҢ ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қазақ халқының мәдени тарихында Абай Құнанбаевтың (1845–1904) алатын орны ерекше. Ағартушы-ақын, жаңашыл композитор – бір басына осындай сирек дарын қонған Абай қаламынан қазақтың музыка тілін абайлық стильмен байытқан тамаша әндер туды.

Ғасырлар бойы дамыған қазақ ән өнері XIX ғасырдың екінші жартысында көркемдік пен кемелдіктің шырқау шыңына өрледі.

Бұл – патша өкіметі мен жергілікті бай-феодал өкілдерінің кертартпа саясатына қарамастан, қазақ халқы өнерінің еңбекші бұқараның мұң-мұқтажы мен арман-үмітін білдіретін демократиялық идеялармен рухтанған, атақ-данқы бүкіл қазақ даласына кеңінен тараған халық әншілері мен күйшілері шеберліктерінің гүлденуге бағыт алған кезеңі болатын.

Әннің адам өміріндегі мән-маңызы туралы Абай өте бейнелі әрі терең тұжырым жасады:

Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтп қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың.

Сайра да зарла, қызыл тіл,
Қара көңілім оянсын.
Жыласын, көзден жас ақсын,
Омырауым боялсын.

Қара басқан, қаңғыған,
Қас надан нені ұға алсын?
Көкірегінде оты бар,
Құлағын ойлы ер салсын.

Абай әнші-ақынның идеалдық тұлғасын биік адамгершілік және эстетикалық қасиеттердің иесі және сол өнегені адамдар жүрегіне ұялата білетін тәлімгер-тәрбиеші ретінде бейнеледі.

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шапшақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

Прозалық (қара сөздері) және музыкалы-поэтикалық шығармаларындағы ағартушылық идеяларын Абай халыққа, әсіресе, жас ұрпаққа кеңінен таратуға талпынды. Әндерінен жалынды ағартушы, ақылгөй дана, қазақ және орыс халықтарының достығы мен туысқандығын жақтаған қайраткер ақын бейнесін танимыз.

Композитор Абай дарынына қанат бітірген, ән нәрімен сусындатқан орта қандай еді? Оның композиторлық өнерінің бұлақ-бастауы қайда?

Абайтанушылардың көптеген еңбектерінен Абайдың жастайынан халқының музыкалық фольклорын сүйіп өскені, оны жетік білгені, ән айтып, домбырада ойнағаны мәлім. Ол Біржан салды және басқа да атақты әнші-күйшілерді жақсы таныды, олардың творчествосын, орындаушылық шеберліктерін жоғары бағалады.

Шыңғыс тауының бөктеріндегі Абай аулында (қазіргі Семей облысындағы Абай ауданы) ән сазы бір сәт толастаған емес, атақты ақындар мен әншілер бұл ауылдың әрқашан құрметті қонағы болатын. Олар Абай әндерін халық арасына кеңінен таратты. Халықтық музыка тілі Абайдың өзіндік ән стилінің қалыптасуына аса зор әсер етті. Ал, кейінірек, Семей қаласындағы медреседе оқыған кезінде, орыс әдебиетін білуге құмартқан Абай кітапханаларға барып, онда көптеген жергілікті интеллигенция өкілдерімен кездесіп тұрады. Әсіресе, Семейде айдауда жүрген халықшылдармен, соның ішінде геолог Е. П. Михаэлис, дәрігер Н. И. Долгополовпен достасып, олармен тығыз қарым-қатынаста болады. Бұлардың Абайдың дүниетанымының, ой-өрісінің кеңеюіне зор ықпал еткені сөзсіз. М. Әуезов былай деп жазды: «Абай өз творчествосында халықтың санасында тек бұлдырап жүрген, халық ақындары әлі де айтып жеткізе алмайтын идеяларды бейнеледі. Оның халық көкірегіндегі арман-мұраттардың асқақ жыршысы болуына – поэзиядағы бұл ерлігіне – алдыңғы

катарлы демократиялық орыс мәдениеті, ең алдымен, өзіне жақсы таныс Чернышевский идеялары сүйеу болды»¹.

Саяси жер аударылғандар мен Абайдың қарым-қатынасын қырағы бақылаған жандармдар: «Құнанбаевты орыс әдебиеті қатты қызықтырады, ол кітап, газет-журналдар жаздырып алады... балаларының бәрі орысша жаза біледі, ал олардың орысша сауатын ашқан әкелері»², – деп жеткізген.

Қаладағы орыс достарымен араласа жүріп, Абай орыс халқының қалалық және профессионалдық музыка өнерімен танысады. Семей қаласындағы клубтар мен парктерде үрлемелі және шекті аспаптар оркестрлерінің концерттері жиі болатын, әуесқойлар спектакльдер қойып, музыкалы-әдеби кештер ұйымдастыратын, ал қыс және жаз маусымдарында музыка (оперетта, кейде опера) және драма труппалары келіп, өнер көрсететін.

Қазақтың халық музыкасын терең білген әрі демократтық рухтағы орыс музыкасын жете бағалаған Абай композиторлық тума талантының арқасында өз шығармаларында сол музыкалық дәстүрлердің интонациялық элементтерін бір арнаға біріктіре білді, сөйтіп қазақтың музыка тілін жаңа көркемдік бейнелеу құралдарымен байытты.

Орыс саяхатшылары мен фольклоршылары өз жазбаларында Абайдың Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасынан «Татьяна сөзі» және Лермонтовтың «Қараңғы түнде тау қалғып» және т. б. өзінің аударма өлеңдеріне шығарған әндерін халықтың жоғары бағалайтынын әлденеше атап көрсеткен. Совет фольклоршылары көптеген халық әншілерінің репертуарынан «Татьяна сөзі» әнінің 6 түрін жазып алды. «Татьяна сөзі» әнін Әділхан деген әншінің орындауы жайында Орыс Географиялық қоғамы қолжазбаларында мынадай бір дерек бар: «Татьяна сөзін» қайдан білетіні туралы таңдана сұрағанымызда, Әділхан мақтанышын жасыра алмай, орыс халқында өзі сияқты әнші-ақын Пушкиннің болғанын, оның Онегин деген жігітті ұнатып, хат арқылы сүйіспеншілігін

¹ Өуезов М. Өр жылдар ойлары / құраст. Ы.Т. Дүйсенбаев. – Алматы, 1961. – 208-б.

² Қазақ ССР мемлекеттік Орталық архиві. 15-фонд, 2-оп, 339-іс, 87-парақ. Барабаевтың «Қазақстанда социалистік сананың қалыптасуы» кітабынан. – Алматы, 1981. – 65-б.

білдірген Татьяна сұлудың сезімін жырлағанын айтты»³. Бұл әннің орындалуы жөнінде Д. Львовичтің «Қырғыз даласында» атты кітабында да айтылады.

XIX ғасырдағы қазақ музыка мәдениеті қайраткерлерінің ішінде өз шығармаларында орыс музыкасының интонациясы мен әуенін творчестволықпен түрлендіріп, қолдана білген жалғыз Абай ғана емес, Құрманғазы Сағырбаев, Дәулеткерей Шығасев, Жаяу Мұса Байжанов, Кенен Әзірбаев сияқты халық композиторлары да орыс музыкасына құлақ түрген. Академик А. Жұбановтың атап көрсеткеніндей, орыс музыкасы арқылы «қазақ композиторларының творчасына жаңа интонация, жаңа ырғақ, дәуірдің жаңа «сөзі» енді. Қазақ композиторларының музыкалық «сөздігін» байытқан бұл сөз достықтың, ең алдымен, орыс халқымен достықтың дәнекер сөзіне айналды»⁴.

Қазақ әндерін академик Б.В. Астафьев өте жоғары бағалады. Ол: «Қазақ әндері өзінің терең иірімдерімен, таза да қалтқысыз сезім сырларымен, көркем шыншылдығымен баурайды. Оларды тыңдап отырып, терең сезімді, сан сырлы әуендер арқылы асқан даналықпен бейнеленген биік адамгершілік мұраттармен қауышқандай ләззатқа бөленесіз. Бұларда қазақ халқының қатал өмір мектебі, басынан өткерген қайғы-қасіреті мен мұң-шері туралы философиялық ой-толғаулары, лирикалық нәзік толғаныс-тебіренісі, өмірді бағалап, сезіне білу қуанышы өрнектелген. «Шығыс музыкасы» туралы тұрпайы әрі тар өрісті музыкалық ұғымды жоққа шығарған бұл әуендерден көптеген ұрпақтардың дүниетанымын, ой-арманы мен сезімін ұғып, олардың жүрек лүпілін сезінесіз»⁵.

Абай өз творчасында халықтық ән өнерінің дәстүрін эстетикалық және этикалық көзқарасына орай одан әрі дамытты. Терең мағыналы өлеңдерін мәнерлі, бояу-нақышты әуенмен қабыстыру шеберлігі арқылы өмірлік қуатқа толы реалистік образдар сомдады. Ол шығармаларына тек өзінің жеке басының

³ Орыс Географиялық қоғамы Семей бөлімінің жазбалары. Үшінші басылым. – Семей, 1907. – 5-б.

⁴ «Рақмет саған, орыс халқы». – Алматы, 1981. – 142-б.

⁵ Б.В. Астафьевтің қазақ музыкасы туралы екі мақаласы // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы, филология сериясы. – 1975. – №4. – 64-б.

мұң-қайғысын ғана арқау еткен жоқ. Композитор әндерінен Абайды адам жанының терең білгірі, нәзік психологы ретінде танимыз.

Махаббат лирикасы тақырыбындағы айшықты әндерінің бірі – «Желсіз түнде жарық ай». Бұл әнде композитор махаббат мұнын табиғат үнімен, табиғат бояуымен астастырып, тұтас бір бедерлі сурет тудырған.

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны – терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы,
Сыбырласып өзді-өзі.
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Өлең мен әуеннің мінсіз жымдасуынан туған біртұтас көркем дүние айлы түнде бозғылт тұманға бөккен өзеннің сылдырын, тау жаңғырығы мен сыбырласқан ғашықтар үнін көз алдыңызға әкеледі. Әннің қоңыржай әуені кешкі қоңыр самалдың үп еткен лебінен туғандай әсер қалдырады: ән сазы байсалды, бір қалыпты, мәнерлі.

Абайдың махаббат лирикасындағы айтулы әндерінің бірі – «Көзімнің қарасы». Оның кең тынысты мұнды әуені ғашығын жырлауға сөз асылын таппай қиналған жанның ішкі толғаныс сырларын ерекше көркемдік мәнермен жеткізеді. «Ата-анаға көз қуаныш» әнінде дана, ақылгөй ақын жастарды қайғы-қамсыз, алаңсыз өмір сүрмеуге, оқу-білімге ұмтылып, өз болашақтары туралы ойлауға, ата-ананың үміті мен сенімін ақтауға шақырады. Әннің байсалды, бір қалыпты әуені жастарды халқының жарқын болашағы санап, әрқашан олардың тағдырын ойлайтын ұстаздың даналық өсиетін бейнелі түрде жеткізеді.

«Сұрғылт тұман дым бүркіп» әнінде Абай жігіттерді өмірде кездесетін қиындықтарды жеңе білуге, жігерсіз, рухсыз, дәрменсіз болмауға үндейді. Ән әуені қаһарлы, қайратты. Бірде квинта,

бірде лад тоникасында аяқталатын күрделі метроритмикалық құрылымның ішкі қуатты, серпінді фразасынан құралған. Жоғары өрлей дамитын минорлық әуен арқылы әннің музыкалық көркемдік қасиеті өлеңнің терең поэтикалық мазмұнымен нәзік үйлесім тапқан.

Абай «Бойы бұлғаң» әнінде байлығы мен дәулетіне мастанған байды өткір сықақпен шенейді:

Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң,
Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан.
Өз ойында,
Тұл бойында,
Еш міні жоқ пендесіп.
Түзде мырзаң,
Үйде сырдаң,
Сөзі қылжаң еркесіп.

Ән речитативті әуенге құрылған. Ширыққан, катал әуен екі жүзді, топас адамдардың әрекет-қылықтарына деген ақынның ашу-ызасын білдіреді. Бұл әнде Абай бай-феодалдардың бет пердесін әшкерелеуші, өткір сыншы, сатирик-реалист ретінде көрінеді. Революцияға дейінгі баспасөзде Абайдың мұндай әндері халық арасына кеңінен таралғаны айтылады. «Әнші Абайдың әзіл-қалжыңды әндерін шырқағанда, тыңдаушылар сергіп, серпіле бастайды, олар Абай айтқан кемшіліктерді өзінің немесе өзгелердің бойынан табады... Қазақтар Абай шығармаларының мән-маңызын жақсы түсінеді, сондықтан да ол әнімен мысқылдап, шенесе де, қамсыз-мұңсыз тірліктеріне қарғыс айтса да, қызыға тыңдайды»⁶. Сағыныш пен жалғыздық сезімі бейнеленген «Сен мені не етесің», «Қарашада өмір тұр», «Ішім өлген, сыртым сау» әндерінен композитордың драмалық серпін мен музыкалы-поэтикалық көркемдік шыңына құлаш ұрғаны айқын аңғары-

⁶ Рамазанов Н. Абай Құнанбаев. «А.Н. Веселовскийдің құрметіне шығарылған шығыс жинағы» кітабы. – М., 1914. – 226-227-б.

лады. Бұл әндерден өмірден торығу, күйзеліс сезімі байқалмайды, қайратты, рухы күшті адамның трагедиясы, ең алдымен, халқын жарқын өмірге, мәдениетке үндеген патриот азаматтың асқақ ойлары мен терең сезім сырлары жырланады.

Абайдың халық көкірегіне ұялаған және жұртшылыққа кеңінен тараған лирикалық әні – «Айттым сәлем, Қаламқас».

Өзінің ғажайып поэтикалық творчествосымен қатар музыкалық шығармаларында да Абай дарынының ерекше құдіретімен, ой-сезімдері мен толғаныстарының сан алуан қыры бар болмысымен танылды.

Абай әндері өзінің көзі тірісінде жұртшылыққа кең таралып, халық сүйіспеншілігіне бөленген. Революцияға дейінгі әдеби деректер мен көне көз ақсақалдардың естеліктері бойынша, көптеген профессионал ақындар мен әншілердің репертуарында ұланғайыр қазақ даласына кеңінен тараған Абай әндері болғаны анықталды. Оған дәлел ретінде Қазақстанды революцияға дейін зерттеуші А. Седельниковтің сөздерін мысал келтіруге болады. Ол: «Абай Құнанбаев – қазақ поэзиясындағы жаңа ағымның өкілі, оның қаламынан «Евгений Онегин» поэмасының және Лермонтовтың (қазақтарға ең түсінікті болған ақын) көптеген өлеңдерінің тамаша аудармасы туды, сөйтіп Семей әншілерінен, мәселен, өз әуендерімен салған «Татьяна сөзі» әнін естуге болады»⁷ – деп жазды.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Қызыл Армияның саяси бөлімінің нұсқаушысы Эльвин Бимбоэс Ақмола уезінде қазақ халқының музыкалық фольклорын жинау ісін қолға алады. Оның ел аузынан жазып алған алғашқы әндері 1927 жылы жарық көрді. Солардың ішінде Абай әндерінің болуы кездейсоқтық емес. Одан кейін де республикамыздың түрлі облыстарынан әндер жинағанда әрбір фольклоршы, композиторға Абай шығармалары кездесіп отырған.

Қазақ халық композиторларының музыкалық мұраларының ішінде Абай әндері тарихи, музыкалы-эстетикалық және теориялық аспекті тұрғысынан толық ғылыми тұжырым алды.

⁷Седельников А.П. Қырғыз өлкесі. «Россия» кітабында / В.П. Семёнов редакциясымен, 1903. – 18-том. – 204-б.

Орыс музыка зерттеушісі В.М. Беляев «Қазақстанның музыка мәдениеті» очеркінде халықтың профессионал композиторлары Біржан сал Қожағұлов пен Жаяу Мұса Байжановтың творчествосына қысқаша анықтама бере келіп, «Абай әндері қазақ ән өнерінде жаңа стильдің – қазақтың қала әндерінің қалыптасуына жол ашты. Бұл стиль қазақтың көпшілік-бұқаралық және романстық әндерінің тууына негіз салды»⁸, – деп көрегендікпен бағалады.

Абайдың музыкалық творчествосы жайлы қазақ музыка зерттеушілерінің арнайы жазған еңбектері де аз емес. Композитор шығармаларын зерттеуге арналған алғашқы тыңғылықты еңбектердің бірі – Г. Шомбалованың «Абай әндері»⁹ атты очеркі. Автор мұнда қазақ халқының ұлы ағартушысы Абай қызметін жоғары бағалай келіп, оның ақындық және композиторлық творчествосындағы өлең құрылысы мен музыка тіліндегі жаңашылдық тенденциясының сыр-сипатын ашуға басты назар аударады. Ол Абайдың музыка тілі халық әуеніне жақын екенін, оған орыстың тұрмыстық романстарына тән белгілердің енгенін атап көрсете келіп, «Өлсем, орным – қара жер сыз болмай ма», «Біреуден біреу артылса», т.б. бірқатар әндерінің өлеңдеріне төрт немесе үш күрделі буын тобының ырғақты кезектесуіне құрылған дәстүрлі аава ұйқасты өлең негіз болғанын анықтайды. Г. Шомбалованың пікірі бойынша, Абайдың дәстүрлік ұйқастан өзгеше жаңа өлең ұйқасын ойлап табуына төрт емес, ававсөв ырғақты сегіз жолдық ұйқасқа құрылған «Қарашада өмір тұр» әні мысал болады. Абайдың 5, 5, 8+5, 5, 8+8, 8 түрінде кезектесіп келген жаңа ұйқас үлгісін құруына «Сегіз аяқ» әні дәлел. Бұл очеркте Г. Шомбалова Абай әндерін зерттеу үшін, оның музыкалық тілінің бастауын, негізін анықтап алудың маңызды екенін атап көрсетеді.

⁸ Беляев В. СССР халықтары музыкасы тарихының очерктері. I басылым. – М., 1962. – 112-б.

⁹ «Қазақстанның музыка мәдениеті» кітабында жарияланды. Мақалалар мен материалдар жинағы / құраст. П.В. Аравин, Б.Г. Ерзакович. – Алматы, 1955.

Абайдың музыкалық мұрасына Ғ. Бисенованың «Сегіз аяқ»¹⁰ очеркі арналды. Музыка зерттеушісінің «Сегіз аяқ» әнін негізгі объект етіп алуының себебі – Абай талантының гүлденген шағында туған, әрі ән лирикасында алғашқы шығармалардың бірі болып саналатын бұл ән оның шумақ құрылымына әсер ететін жаңа өлең ұйқасын ойлап табуының айқын мысалы болуынан. Сонымен қатар, «Сегіз аяқ» әні Ғ. Бисенованың пікірі бойынша, «әлеуметтік мәні, көркемдік қасиеті және форма сонылығы жөнінен этапты шығарма болды»¹¹. Алайда, Абай әндері автордың өз аузынан жазылып алынбай, түрлі әншілердің айтуы бойынша ауызша таралғандықтан, бір текстегі әннің бірнеше түрде келуі кездеседі. Ғ. Бисенова «Сегіз аяқ» әні варианттарының ноталық жазба әуендерін салыстырмалы түрде зерттей келіп, Абай әндеріне тән қасиет – өлең мен әуен ырғақтарының мінсіз жымдасып, қабысуын дәлелдеу арқылы композитор әуендерінің түпнұсқасына біршама жақын түрлерін анықтайды. Бұл «Сегіз аяқтың» М. Нұрбасевтың айтуынан 1919 жылы Э. Бимбоэс жазып алған алғашқы нұсқасына қатысты. (Жинақта № 7). М. М. Ахметованың халықтық вокальдық музыканың эстетикалық және көркемдік қасиетіне баға берілген, формасына, мелодиялық оралымдарына, ладтық-ырғақтық құрылысына тән негізгі белгілер анықталған «Ән және қазіргі дәуір»¹² еңбегінде «Абай әндері» атты бөлім бар. Мұнда М. Ахметова Абай әндерінің біразын дәстүрлі созылмалы әндерге жатқызады, олардың формаларын ұйқас және өлең тексінің ырғағына байланысты талдайды. Автор Абай әндері әуендерінің көркемдік бейнелеу құралдарын сипаттап, үлкен және кіші қайырмадардың мазмұнға байланысты драматургиялық функциясын анықтайды. Бұл еңбекте М. Ахметова Абай әндерінің ағартушылық және әлеуметтік мәнін ашып, ондағы өлең мен әуеннің бірлігін баса көрсетеді, композитор творчествосын Қазақстанның революцияға дейінгі ән мәдениетінің шырқау шыңы деп бағалайды. Автор акын-композитордың творчествосындағы

¹⁰ «Өнер және шетел тілдері» кітабында жарияланды. Мақалалар жинағы. – Алматы, 1966.

¹¹ Бұл да сонда.

¹² Ахметова М. Ән және қазіргі дәуір. – Алматы, 1968.

жаңашылдық «қазақтың ән творчествосын одан әрі дамытуға жаңа негіз салуында. Өз халқының көптеген ғасырлар бойғы мәдениетінің құнды жақтарын ала біліп, оны орыс мәдениетінің игі дәстүрімен байытуында»¹³ – деп ой қорытады.

Абайдың музыкалық творчествосын зерттеуге музыка зерттеушісі В. П. Дернова зор үлес қосты. Оның жарияланған үш мақаласы¹⁴ мазмұн жағынан ақынның музыка тілінің бастау-бұлағын, оны түрлендіру арқылы өзіндік ән стилін қалыптастырған жаңашылдық сипатын зерттеген біртұтас еңбек болып саналады. Абай әндерінің әуеніне ғылыми тұжырым жасай келіп, автор ол шығармалардың ақынның халыққа ағартушылық идеяларын жеткізудегі мән-маңызы туралы жазады.

Дернова Абай әндерінің стиліне сипаттама беріп, оларды речитативті және кең тынысты әуенді деп бөледі, оның поэтикалық текспен байланысын қарастырады.

Қазір Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы мен М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының фондысында Абайдың өлеңіне шығарылған халық әндерінің фольклорлық жазбалары, сонымен қатар, қазіргі халық композиторларының ақын әндерінің стилінде шығарған туындыларының біразы жинақталған. В.П. Дернованың жинақталған материалдарды зерттеу, сонымен қатар, архивтік және әдеби деректер бойынша Абайдың күнделікті өмірде және музыкалы-поэтикалық кештерде орындалған жаңа әндерін іздестіру ісін жалғастыру қажеттігі туралы ескертуі өте маңызды.

Академик А. Жұбанов халқымыздың профессионал әнші-композиторлары туралы жазған «Замана бұлбұлдары» еңбегінде Абай творчествосына арнайы очерк арнаған. Бұл еңбекте тұңғыш рет музыкатану әдебиетінде ақын-музыканттар, талантына бас июшілер және орыс достары келгендегі Абай аулындағы музыкалы-әдеби атмосфера суреттеледі.

¹³ Бұл да сонда.

¹⁴ Дернова В.П. Абай әндері. «Абайдың музыкалық творчествосы» кітабында. – Алматы, 1954; Абайдың музыкалық мұрасы. «Қазақстанның музыка мәдениеті» кітабында. Мақалалар мен материалдар жинағы / құраст.: П.В. Аравин мен Б.Г. Ерзакович. – Алматы, 1955; «Татьяна хаты», «Советская музыка» журналы. – 1960. – №1.

Абай әндерінің табиғатын аша отырып, Жұбанов былай деп жазды: «Өзінің табиғаты, рухы жағынан Абай әндері ұлттық сипатта, қазақ халық музыкасының дәстүрінде шығарылған. Орыс әндерінің және демократиялық, тұрмыстық романстардың кейбір белгілері мен элементтерін қолдану арқылы Абай қазақтың музыкалық «сөздігін» кеңейтіп, байытты»¹⁵.

А. Жұбанов Абайдың поэтикалық және музыкалық творчествосына әйелі Әйгерім, балалары Әбдірахман мен Ақылбай, әнші Әлмағамбет, скрипкашы Мұқа зор әсер еткенін айтады. Абай әндерінің алғашқы орындаушылары болған олар өзіндік творчестволық лаборатория іспеттес еді. Абай әндері көпке таралмас бұрын үй іші достарының арасында шырқалды.

А. Жұбанов композитордың әншілерге үлкен талап қойғанын, тұрмыс-салтты, өмір жайлы философиялық толғаныстарды бейнелеудегі әннің мәнін жоғары бағалағанын көрсетеді.

«Біздің заманымызда да Абай әндері халқына қызмет етеді, коммунизмге нық қадам басып бара жатқан ұлы керуеннің көшінен, халықтың аузынан түспейді. Ұлы ақынның әндері халық игілігіне айналды. Олар мәңгі өмір сүреді»¹⁶.

Абайдың музыкалық мұрасын, оның халық өнерімен байланысын және Қазақстанның профессионал композиторларының творчествосына тигізген әсерін зерттеу – қазақ музыкасының өркендеуімен бірге маңызы артып келе жатқан ғылыми-зерттеу жұмысының тұрақты проблемасы. Онымен қазақ музыка зерттеушілерінің көптеген ұрпақтары айналысатыны сөзсіз.

Абай – Біржан, Ақан сері, Жаяу Мұса, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет тәрізді халықтың классик композиторларының таңдаулы өкілі. Оның қазіргі советтік музыка мәдениетінің өркендеуіне қосқан үлесі ұшан-теңіз және сан қырлы. Абай шығармалары оның көркем дүние ретінде ажырамас бөлігіне, ұлттық социалистік өнердің көптеген жанрлары қалыптаса бастаған құнарлы топыраққа айналды.

Абай әндері тек совет дәуірінде ғана жинала бастады.

¹⁵ Жұбанов А. «Замана бұлбұлдары». – Алматы, 1967. – 113-б.

¹⁶ Бұл да сонда.

Бұған 1919 жылы негіз салған А.Э. Бимбоэс¹⁷ Одан екі-үш жыл өткеннен кейін А.В. Затаевич¹⁸ бұл істі қолға алды. 30-шы және одан кейінгі жылдары бұл жұмысты Л. Хамиди мен Б. Ерзакович¹⁹, Е. Брусилковский, А. Жұбанов, Д. Мацуцин, т.б.²⁰ жалғастырды. Қазіргі кезде совет фольклоршылары Абайдың, түрлі орындаушылардың айтуы бойынша жазылып алынған нұсқаларын қосқанда, 60-тан астам әндерін нотаға түсірді. Абай әндерін жинап, насихаттауда заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтің еңбегін ерекше атап кеткен жөн. М. Әуезов ұлы ақынның музыкалық творчествосының асқан білгірі еді, оның көмегімен Абайдың біраз әндері табылып, жазылып алынды, көптеген халық әншілерінің бұл әндерді сол кісінің айтуынан үйренгені белгілі.

Абайдың ән мұрасы ондаған жылдардан бері жиналып, зерттеліп келеді. Алайда, композитордың белгісіз әндері немесе белгілі әндерінің жаңа варианттары әлі де табылуда. Музыка зерттеушілері мен композиторлар Абай әндерін жинағанда оның творчествосында домбыра күйлерінің де болғанын естен шығарған тәрізді. Абайдың домбыраны жақсы тартқаны, үй ішінің ортасында ән шығарып, домбырамен айтқаны белгілі. Өмірінің соңғы жылдарында шығарылған «Домбыраға қол соқпа» өлеңінде домбыраны басынан өткен қайғы-мұңды сейілтуші етіп суреттейді. 1984 жылы июнь айында домбырашы әрі музыка зерттеушісі Уәли Бекенов және Абайдың немересі, ұлы атасының әндерін орындаған Мәкен Мұхамеджановамен бірге теледидардан хабар ұйымдастырып, жұртшылықты Абай-

¹⁷ Бимбоэс А.Э. «Қазақтың 25 әні». «Музыкалық этнография» жинағында. – №25.; Н.Ф. Финдейзеннің редакциясымен шыққан мақалалар жинағы. – Л., 1426; Визель З. «Эльвин Бимбоэс – қазақ халық музыкасын жинаушы». «Қазақстандағы халық музыкасы» кітабында / құраст. В.П. Дернова. – Алматы, 1967.

¹⁸ Затаевич А.В. «Қазақтың 1000 әні». – М., 1963. – №129, 665, 708; «Қазақтың 500 ән-күйі». – Алматы, 1931. – №88.

¹⁹ Абайдың Л. Хамиди мен Б. Ерзакович жазып алған бірнеше әндерінің ноталық жазбалары «Абай өлеңдерінің екі томдығы» кітабында жарияланды. – Алматы, 1940. 1-том.

²⁰ Олардың жазбалары «Абайдың музыкалық творчествосы» атты этнографиялық жинақта жарияланды. Музыкалық редакциясын жүргізген Б.Г. Ерзакович. – Алматы, 1954.

дың «Торжорға» және «Май түні» (жинақта жарияланып отыр) күйлерімен таныстырған қазақтың байырғы журналисі Ғайса Сармурзиннің (1904 ж. туған) атына жылы лебіз білдіруге болады. Күй саздары, біздіңше, Абай әндерінің стиліне жақын. Алайда, Абайдың халық арасына тараған басқа да күйлерін жинастырып, олардың музыкалық табиғатын ән әуендерімен салыстырғаннан кейін ғана бұл күйлердің Абайдікі екендігі жөнінде нақтылы қорытынды жасауға болар. Абайдың күйлері кейбір әуесқой домбырашылардың репертуарында орындалып жүргеніне мына бір факт дәлел бола алады. 1977 жылы Шығыс Қазақстан облысына экспедициямен барған сапарында музыка зерттеушісі Қайролла Жүзбасов Қатонқарағай селосында тұратын пенсионер Хамза Демшіновтен «Абай желдірмесі» күйін жазып алады. Жинаққа енген бұл күйдің де әуені Абай стиліне келеді. Қазақстанның музыка зерттеушілерінің алдында Абайдың күй мұрасын жинау, зерттеу, оны насихаттау, яғни, ұлы ақынның музыкалық мұрасының жаңа қырларын ашу міндеті тұр.

Абай әндері үзінді ретінде және негізінен түрлендірілген сипатта көптеген камералық, симфониялық хор және опера музыкаларына арқау болуда. Олар халық әншілерінің домбырамен дәстүрлі орындауында, профессионалды композиторлардың фортепиано мен дауысқа, хорға, аспапты ансамбльдерге лайықталған, өңделген түрінде концерттерде, радио мен теледидардан жиі шырқалады.

Абайдың және басқа да ақындардың өлеңдеріне көптеген әндер мен романстар жазылды. Соның ішінде Мұқан Төлебаевтың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» романсы – ерекше атауға тұрарлық дүние. Бұл романс – негізінен, қайғы-қасірет шеккен адамның драмалық монологы, оның өмір туралы терең толғанысы. Композитор бұл шығармасында Абай өлеңдерінің интонациясын жаңа әуендік образбен асқан нәзіктікпен үйлестірді: әуен тылсым тыныштықтан трагедиялық шиеленіске дейін шарықтайды да, қайтадан тыныш кейіпке түседі. Халыққа композитордың осы аттас өлеңіне жазылған әні белгілі болғандықтан, бұл өте қиын іс еді.

Сыдық Мұхамеджанов Абайдың он бес өлеңіне тамаша романстар циклін жазды, Соның ішінде «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» лирикалық романы ерекше дараланады. Мұнда автор Абай әуенінің стилін, оның эмоциялық қуатының тереңдігін, ән тынысының кеңдігін ерекше шеберлікпен жеткізген. «Көңіл құсы құйкылжыр» атты көркем де мазмұнды өлеңі Мәкәлім Қойшыбаевтың романсында өзіндік музыкалық көркемдік шешім тапты.

Композиторлар Қапан Мусин, Еркеғали Рахмадиев, Кенжебек Күмісбеков, Әбілахат Еспаев, Нұрғиса Тілендиев, Мыңжасар Маңғытаевтар Абай өлеңдеріне көптеген тамаша әндер мен романстар жазды.

Абай әуендері Қазақстанның байырғы композиторы С.И. Шабельскийдің фортепианолық триосында, Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматыда тұрған украин композиторы М.А. Скорульскийдің фортепианолық квинтетінде пайдаланылды. Композитор шығармалары В. Великановтың «Абайдың «Қарашада өмір тұр» тақырыбына импровизация», Г. Жұбанованың «Қор болды жаным» әуеніне вариация» атты скрипка мен фортепианоға арналған тамаша транскрипцияларына арқау болды.

Абайдың музыкалық творчествосын қазақтың ұлттық опера, симфония, хор және кино музыкасының дамуынан бөле-жарып қарауға болмайды. 1934 жылы қойылған алғашқы қазақ операсы «Қыз Жібектің» «Панорама» атты көрінісінің (музыкасын жазған Е. Брусиловский) Абайдың «Қор болды жаным» әнінің әуенімен басталуы заңды да. Бұл ән ұлттық опера өнерінің тұңғыш туындысына негіз болған халық әндерінің беташары іспеттес еді. Абай әндері А. Жұбанов пен Л. Хамидидің 1944 жылы жазған «Абай» операсының партитурасынан жарқын көрініс тапты. М. Әуезовтің либреттосына құрылған бұл опера қазақтың классикалық операсының қалыптасуына негіз салды.

Абай әуендерінің сазы (1946 жылы М. Әуезов пен Л. Соболевтің сценарийі бойынша режиссерлер Е.Е. Арон мен Г.Л. Рошаль қойған) алғашқы қазақ фильмдерінің бірі «Абай әндеріне» Л. Хамиди жазған музыкадан әсем естіледі. Поэтикалық

текст мазмұнын әдемі әуенмен нәзік жеткізетін Абай әндері қазақ музыкасындағы алғашқы симфониялық – А. Жұбановтың «Абай» және Е. Брусиловскийдің «Жалғыз қайын» атты поэмаларының музыкалық драматургиясына өзек болды. Абай әндері әуендерінің икемділігі бұл авторларға музыкалық табиғаты мен образдылығы жағынан түрлі программалық шығармалар тудыруға мүмкіндік туғызды. Мұнда Абай әндері гармониялық және полифониялық даму құралдарымен байытылып, неше алуан оркестр әшекейінде жаңа көркемдік қасиетке ие болды. Композитор Ғ. Жұбанова оркестрге, хорға, әншіге және домбырашыға арнап «Татьяна әндері» ораториясын жазды. Мұнда автор ұлы ақын поэзиясының философиялық-лирикалық образдар тұтастығын сақтаудың – оның әндерін түрлендірудің жаңа қырын, соны стильдік шешімін тапты. Шығарма 1983 жылы Қазақстан композиторларының VII съезінде орындалды.

Қазақстан композиторлары Абай творчествосының түрлі көркемдік шешім табуы жолында көп еңбектенді. Абайдың қайталанбас музыка тілінің игілікті әсер-процесі ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береді, мұның өзі композиторларға жаңа творчестволық міндеттер жүктейді. Абай әндерінің поэтикалық, көркемдік қуат-қасиеті сарқылмақ емес. Сол қайнардан нәр алған әлі де талай жаңа шығармалар туатыны сөзсіз. Абайдың ән мұрасы – Қазақстан композиторлары үшін таусылмас мол қазына.

Бұл жинаққа енген әндердің көпшілігі Абайдың немерелері Архам Ысқақовтың, Мәкен Мұхамеджанованың, сонымен бірге белгілі әншілер Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, Қуан Лекеров, Темірболат Арғынбаевтардың айтуы бойынша жазылып алынды.

Абай әндері бұл күндері қазақтың музыка мәдениетінің алтын қорына енді. Олар жазылып алынған күйінде де, тікелей де радио және теледидар арқылы халық әншілерімен қатар опера театрының, филармония және эстрада әншілерінің орындауында шырқалады. СССР халық артистері Күләш Байсейітова, Ришат Абдуллин, Ермек Серкебаев, Роза Жаманова, Бибігүл Төлегенова, Әлібек Дінішев, республикамыздың халық артистері Байғали

Досымжанов, Манарбек Ержанов орындауларынан ұлы ақын әндерін тебірене тыңдайсыз.

Жүрекке жақын, көкірекке жылы ұялаған Абайдың әсем әндері үй іші, семья ортасында, үлкен мерекелер мен концерттерде жиі орындалып жүр. Композитордың көптеген әндері қала және село көркем өнерпаздарының репертуарына енген. Міне, мұның бәрі ақын-композитор Абай Құнанбаевтың творчествосына деген халқымыздың өлшеусіз махаббатының, әрі оның өлмес музыкалық мұрасының Қазақстан өнеріндегі зор мән-маңызының айқын дәлелі болып табылады.

ТҮСІНІКТЕР

1. Жұбанов А. Абайдың музыкалық мұрасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жұбанов А. Ән-күй сапары. – Алматы: Ғылым, 1976. – 213-221-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Ақынжанов М. Абайдың қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР ҒА баспасы, 1954. – 65-84-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Тәжібаев Т. Жүрегіміңнің түбіне терең бойла. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 133-148-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Зиманов С. Абай – ұлы билердің соңғысы және оның бітім-биліктері туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. – Алматы: Ата-мұра, 2008. – 100-143-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Әуезова Л. Абай Құнанбаев және оның өскен ортасы (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезова Л.М. М.О. Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары. – Алматы: Мектеп, 1977. – 168-203-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Ерзакович Б. Абайдың қазақ музыкасына қосқан үлесі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай Құнанбаев. Айттым сәлем, Қалам қас. Өндер мен күйлер / құрастырып, музыкалық редакциясын жүргізген Б.Г. Ерзакович. – Алматы: Өнер, 1986. – 5-18-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ғабдуллин Б. Абай және Соқрат. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 159-173-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Орынбеков М. Абайдың әлеуметтік философиясының мәдени-тарихи және дүниетанымдық алғышарттары. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы / жауапты шығарушы философия ғылымының докторы М.С. Орынбеков. – Алматы: Ғылым, 1995. – 34-68-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Есім Ғ. Абай философиясындағы адам мен Алла болмысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – 69-106-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Барлыбаева Г., Нысанбаев Ә. Абай дүниетанымының қайнар көздері және философиясының жалпы мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – 7-33-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Молдабеков Ж. Абайдың адамтануы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3; Абай институтының вебсайты.

12. Байтенова Н. Абай философиясының антропологиялық бастаулары. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3; Абай институтының вебсайты.
13. Күзембаева С. Абайдың музыкалық шығармашылығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы / жалпы ред. басқ. У.Қ. Қалижанов, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 461-473 – беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Жұбанов А. Абайдың музыкалық мұрасы	3
Ақынжанов М. Абайдың қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуы	12
Тәжібаев Т. Жүрегімнің түбіне терең бойла.....	33
Зиманов С. Абай – ұлы билердің соңғысы және оның бітім-биліктері туралы.....	50
Әуезова Л. Абай Құнанбаев және оның өскен ортасы	94
Ерзакович Б. Абайдың қазақ музыкасына қосқан үлесі.....	116
Ғабдуллин Б. Абай және Сократ	132
Орынбеков М. Абайдың әлеуметтік философиясының мәдени-тарихи және дүниетанымдық алғышарттары.....	148
Есім Ғ. Абай философиясындағы адам мен Алла болмысы	183
Барлыбаева Г., Нысанбаев Ә. Абай дүниетанымының қайнар көздері және философиясының жалпы мәселелері.....	223
Молдабеков Ж. Абайдың адамтануы.....	240
Байтенова Н. Абай философиясының антропологиялық бастаулары	252
Күзембаева С. Абайдың музыкалық шығармашылығы.....	267
Түсініктер.....	280

Оқу басылымы

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

V том

Ойлар мен толғаныстар

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *К. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Ү. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

ИБ№8888

Басуға 24.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 17,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1510.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.